

## Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу және Кеден одағының техникалық регламенттеріне өзгерістер енгізу жоспарының II бөліміне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 7 шешімі.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 20 маусымдағы № 48 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу, қабылдау, өзгерту және күшін жою тәртібінің 3-тармағына, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 3-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 31-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 1 қазандағы № 79 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу және Кеден одағының техникалық регламенттеріне өзгерістер енгізу жоспарының II бөлімі мынадай мазмұндағы 41-позициямен толықтырылсын:

"41. Жеке қорғану құралдарының қауіпсіздігі туралы (КО ТР 019/2011) (Техникалық регламенттің қолданылу саласын және жекелеген ережелерін нақтылау, техникалық реттеудің жекелеген объектілеріне қойылатын талаптарды нақтылау, техникалық регламентке қосымшаларға өзгерістер енгізу бөлігінде № 2 өзгерістер)	Ресей Федерациясы	мүше мемлекеттер	2022 жылдың II тоқсаны	37".
--	-------------------	------------------	------------------------	------

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

## Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасына	Беларусь Республикасына	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасына	Ресей Федерациясынан
н	н		н	
М. Григорян	И. Петришенко	Ә. Смайылов	Ж. Разаков	А. Оверчук

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК